

Жария сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің әкімінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 наурызда № 5261 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты – оптикалық байланыс желісін тарту және пайдалану үшін Ақбұлақ ауылында ауданы 0,2070 гектар жер учаскесі жер пайдаланушылардан алып қоймай, үш жыл мерзімге жер учаскелеріне жария сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Н. Машрапов